



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

принятии решения о значимости инвестиционного риска в данном договоре. Предшествующие идентификация и оценка структуры инвестиционного риска обеспечивают менеджера необходимой информацией для принятия рационального решения по мерам воздействия на риск проекта.

В контракте возможно использование также следующих инструментов, направленных на снижение размера возможных потерь, таких как страхование и поручительство, однако каждый из данных методов уменьшает количество потенциальных клиентов, вследствие повышения стоимости и сложности проекта

#### **Список использованных источников**

1. Бадалова А.Г. Управление рисками деятельности предприятия – 2015г., 236 с.
2. Тепман Л.Н. Управление инвестиционными рисками – 2016 г., 215 с.
3. Балдин К.В. Управление рисками в инновационно-инвестиционной деятельности предприятия – 2015 г., 415 с.

ОӘЖ 336.7

### **БАНК ӨТІМДІЛІГІН БАСҚАРУ**

**Бекова Манара Хафизқызы**

*manarabekova@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 1 курс магистранты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі – Ж.М.Бұлақбай

Қазіргі уақытта қазақстандық коммерциялық банктердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету көрсеткіштері маңызы көбейіп жатыр. Банктің тұрақтылығы - оның өмір сүруінің негізгі атрибуты ғана емес, сондай-ақ кредиттік мекемелер үшін даму стратегиясы. Коммерциялық банктердің негізгі қызметі - пайда әкелу болып табылады. Дегенмен, өтімділікті жеткілікті деңгейде ұстап тұруға көп назар аударылмайды. Бір жағынан тұрақсыз қаржылық жағдай, екінші жағынан, экономикаға деген қажеттілік, бұл мәселені ұлттық экономиканың ең өзекті теориялық және практикалық мәселелерінің біріне айналдырады. Банк өтімділігінің жоғалуы оның банкроттыққа ұшырауына себеп болады.

Өтімділік – банктің сенімділігін қамтамасыз ететін, оның қызметінің жалпы сипаттамалардың бірі. Банк өтімділігі – бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдында банктің өз міндеттемелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілеттігі.

Банктің міндеттемелерін нақты және потенциалды деп екіге бөлінеді. Банктің нақты міндеттемелері: талап ету депозиттері, мерзімді депозиттер, тартылған банкаралық ресурстар, несие берушілердің қаражаттары түрінде банктің балансында көрсетіледі. Ал, потенциалды немесе баланстан тыс міндеттемелерге: банктен берген кепіл-хаттар, клиенттерге несие желілерін ашу, т.б. арқылы көрсетіледі.

Егер коммерциялық банктің борыштық және қаржылық міндеттемелерді уақытында орындау үшін қолма-қол ақшалай қаражаттар мен басқа да өтімді активтері болып, сонымен қатар басқа көздерден қаражаттарды тез арада жұмылдыру мүмкіндігі жеткілікті болса, онда бұл өтімді банк болып табылады.

Банк өтімділігі аталған барлық міндеттемелерді, сонымен бірге болашақта пайда болуы мүмкін міндеттемелерді уақытында орындауын сипаттайды. Міндеттемелерді орындау үшін кассадағы және корреспонденттік шоттардағы (Орталық банкте және басқа коммерциялық банктерде) қалдықтарымен сипатталатын банктік ақшалардың барлығы; қолма-қол ақшаға тез айналатын активтер; банкаралық нарықтан немесе Орталық банктен алынатын банкаралық несиелер сияқты қаражат көздері пайдаланады.

Осы аталған қаражат көздерін пайдалану банк үшін шығыстармен байланысты болмау керек. Мысалы, өтімді қаражаттардың көзі ретінде бағалы қағаздарды немесе басқа активтерді сату қалыпты тәртіпте алдын ала келісіп қойған шарттардың негізінде жүзеге асырылуы керек.

Тұрақтылық, сенімділік, өтімділік және төлем қабілеттілігі банктің жоғары тұрақтылық деңгейіне жетуі үшін өте маңызды, өтімділігі - банктің ағымдағы сипаттамасы болып табылады және атқарушы басқару құзыретіне жатады, ал төлемқабілеттілік - банк қызметінің негізі және оның іргелі сипаттамасы жоғары басшылықтың құзіретінде болады.

Төлем қабілеттілігі басқару - банктің тұрақтылығын арттыру құралдарының бірі болып табылады, ал өтімділікті басқару - банк қызметінің тиімділігін және табысты арттыру құралы болып табылады [1].

Коммерциялық банктің өтімділігі - банктің сенімділігі мен тұрақтылығын анықтайтын банктің қызметінің негізгі сапалық сипаттамаларының біріне жатқызуға болады, ол экономиканың кредиттік - банктік секторының өмір сүруінің негізі болып табылады. Өтімділік - коммерциялық банктің тұрақты жұмыс істеуіне кепілдігі деп айтсақ та болады. [2]

Банктің өтімділігін оның балансының өтімділігінен ажырата білу маңызды. Банк балансының өтімділігі - банктің өтімді болу шарттарының бірі. Ол, өтімділік деңгейі бойынша активтер мен міндеттемелердің ішкі тепе-теңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрылымын көрсетеді.

Баланстың өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында банк корреспонденттік шоттардағы ақша қаражаттарының, кассадағы қолма-қол ақша көлемін, өтімділігі жылдам активтерді және т.б. қажетті және жеткілікті деңгейде үнемі қамтамасыз етуге міндетті. Яғни, банк өтімділікті басқаруы қажет.

Өтімділікті басқарудың негізгі элементтері:

1. жедел, ағымдағы және ұзақ мерзімді өтімділік жағдайын талдау;
2. өтімділіктің қысқа мерзімді болжамын дайындау;
3. өтімділікке талдау жасау және мүмкін болатын жағымсыз жағдайларды қарастыру (нарық жағдайын, қарыз алушылардың және кредиторлардың жағдайын);
4. банктің өтімді құралдарға деген қажеттілігін анықтау;
5. өтімділік артықшылығын / тапшылығын және оның шекті рұқсат етілген мәндерін анықтау;
6. шетел валютасындағы операциялардың өтімділігіне әсерін бағалау;
7. әрбір валюта бойынша және тұтастай алғанда барлық валюталар бойынша өтімділік коэффициенттерінің шекті мәндерін анықтау[3].

Банктің сенімділігі - оның төзімділігі, осы банкте қызмет көрсетілетін клиенттердің сенім деңгейі. Банктің қаржылық тұрақтылығы қалыпты даму қабілетін сипаттайды, ол үшін келесі критерийлер белгіленеді: баланс пассивіндегі меншік құралдардың деңгейі, клиенттік базаның тұрақтылығы, банктің түскен пайда есебінен болашақта оның меншік капиталын ұлғайту қабілеті және т.б.

Коммерциялық банк қызметінің тиімділігін бағалау. Банктің өтімділігіне әсер ететін факторлар екі топқа бөлінеді: сыртқы және ішкі. Сыртқы факторлар арқылы, сыртқы орта коммерциялық банк қызметіне әсерін тигізеді, ал ішкі факторлар банк деңгейінде жұмыс істейді және оның саясатымен байланысты, банктің саясатын өзгерту арқылы өтімділікке теріс әсер ететін факторлардың әсерін шектеуге болады. Коммерциялық банктің өтімділігіне әсер ететін барлық факторларды бірыңғай жүйе ретінде қарастыруға болады. Банктердің сыртқы факторларға әсер ету қабілеті екіталай болғандықтан, өтімділік тәуекеліне әсер ету үшін банктер ішкі факторларға көбірек назар аудару керек.

Өтімділікті басқарудың үш негізгі стратегиясы бар: активтерді басқару стратегиясы, міндеттемелерді басқару стратегиясы, активтер мен міндеттемелерді басқару стратегиясы.

Активтерді басқару. Банктің қолма-қол ақша және жедел өтімді бағалы қағаздар сияқты өтімді құралдарды жинақтауы.

Міндеттемелерді басқару. Өтімді қаражаттарға сұранысты жабуға қажетті көлемде жедел өтімді құралдарды жинақтау.

Активтер мен міндеттемелерді басқару. Күтілетін сұранысты қанағаттандыру үшін өтімді активтерді жинақтау, өтімділікке күтілмеген қажеттілік пайда болған жағдайда нарықтағы активтерді сатып алу.

Коммерциялық банктің өтімділігін тиімді басқаруды кез-келген кредиттік мекемедегі қаржылық басқарудың іргелі негізі ретінде қарастыру қажет, оның негізінде банктің өз серіктестері мен клиенттері алдында міндеттемелерін орындауға өтімділік деңгейі жеткілікті болатын, активтер мен міндеттемелер арасындағы тепе-теңдікті сақтау тұрады.

Өтімділік деңгейі банктің жинақтарының жалпы сомасындағы активтердің әртүрлі топтары мен әртүрлі деңгедегі тәуекелдердің меншікті үлес салмақтарына байланысты бағаланады. Өтімділік жағдайы банк балансындағы жоғары күмәнді активтер жағдайына кері пропорционал болып табылады. Сондай-ақ, банк клиенттерінің банк алдында өз міндеттемелерін уақытында орындауға қабілетсіздігіне байланысты, сонымен қатар банктердің жоғары табыс алуға бағытталған тәуекелі өте жоғары саясаттары әсерінен өтімділік деңгейі айтарлықтай төмендейді.

Тәуекелділігі төмен активтердің жалпы активтер көлемінде төмен үлес алуы да, өтімділік тәуекелін арттырады. Яғни, қаржы активтерін төлем құралдарына жедел конвертациялау қажеттілігінің және мүмкін болатын өтімді құралдардың дефициті нәтижесінде шығындардың пайда болу ықтималдығы жоғарылайды.

Сондықтан банктік өтімділігін реттеу банктің жинақтарының құрылымын өзгерту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар, банк өтімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өтімділік деңгейінің көрсеткіштеріне байланысты жалпы жинақтар портфеліндегі жоғары тәуекелді немесе төмен тәуекел активтерінің үлестерін өзгерте алады.

Басқару сапасы активтердің, міндеттемелердің және баланстан тыс операциялардың сапасын үлкен деңгейде анықтайды деп айтуға болады.

Қарыздарға мұқтаж клиенттердің несиелік өтінімдерін қарау кезінде барлық қажетті рәсімдер тәртібін сақтау; потенциалды қарыз алушылардың несие қабілеттілігіне кешенді талдау жүргізу және төленуге тиісті несиелерді өтеудің ықтимал көздерін қарастыру:

Біріншіден, несиелердің негізсіз берілуіне жол бермейді.

Екіншіден, бұл несие тәуекелін нақты деңгейін анық бағалауға, несиелік келісім-шарттарда оларды уақытылы қайтарылуын қамтамасыз ету шараларын белгілеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, мерзімі ұзартылған және төлеу мерзімі өткен қарыздар азайып, несиелік портфель сапасы жоғарылайды.

Банктің өтімділігі имидж сияқты фактормен де анықталады. Банк имиджінің жағымды болуы оған басқа банктер алдында артықшылық береді: сырттан ресурстарды тартуға, депозиттік базаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және шетелдік әріптестермен қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді.

Қарастырылған факторлардың маңыздылығы банк қызметінің ерекшеліктері мен қызмет ету ұзақтығына, құрылтайшылардың қаржылық жағдайына, клиенттер шеңберіне, мамандану сапасына, менеджерлер командасының сапасына және т.б. факторларға байланысты артады немесе төмендейді.

Банктердің қаржылық құрылымы қарыздық капиталдардың дәстүрлі нарықтары сегменттерінде жаңа банктік өнімдер шығару және банк өнімдерін жаңа сегменттерде (жылжымайтын мүлікке инвестициялар, сақтандыру бизнесі, қаржылық лизинг, траст операциялары) құрумен байланысты; бағалы қағаздар нарығы, қаржылық фьючерстер, қаржылық опциондар, ипотекалық бағалы қағаздар сияқты ақша-қаржы нарығының жаңа сегменттерінде инновациялармен; операциялық шығындарды қысқартуға және активтер мен міндеттемелерді неғұрлым тиімді басқару бағытталған қолма-қол ақшаларды басқару мен жаңа ақпараттық технологияларды және қаржылық делдалдар қызметтерін пайдалану [4].

Банктің өтімділігі мәселелерін ресурстық базаның құрылымы мен сапасы, басқару, активтер сапасы, барлық факторлардың жиынтығы туғызуы мүмкін. Мәселенің көп факторлылығын аңғарып, оның «жеке» екенін ескеріп, «науқас» орындарды бөліп алу маңызды екенін айту қажет.

Сонымен бірге, клиенттердің банкке деген сенімі неғұрлым жоғары болса, банкаралық нарықта банктің имиджі соншалықты жоғары болады және басқарудың жоғарғы сапасымен қамтамасыз етілген банк, өтімділік деңгейінің төмендеу тәуекеліне ұшырау ықтималдығы азаяды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Кузнецова Л.Г., Кутузова Н.В. Платежеспособность и ликвидность: уточнение понятий// Деньги и кредит. 2007. № 8. С. 26-29
2. Маркова О.М. Коммерческие банки и их операции / О.М.Маркова, Л.С. Сахарова, В.Н.Сидоров. – М.: Юнити. – 2015. – 457 с
3. Лаврушина О. И., Банковское дело / О. И. Лаврушина. — М.: Кнорус, 2010. С 443.
4. И.Д. Мамонова «Ликвидность коммерческого банка», COPYRIGHT 2006 © Элитариум — Центр дистанционного образования ([www.elitarium.ru](http://www.elitarium.ru)), 16 тамыз 2006

УДК 330.322.16

### **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ НА РАЗВИТИЕ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*Бозтай Арухан Берикжанкызы*

[boztayarukhan@mail.ru](mailto:boztayarukhan@mail.ru)

Магистрант 2 курса ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Научный руководитель –Кучукова Н.К.

В условиях мировой глобализации и высокой конкуренции, иностранные инвестиции играют все большую роль в развитии экономики любого государства. Являясь источником дополнительного притока финансовых средств в страну, они способствуют развитию крупных отраслей экономики, развитию сектора промышленности, внедрению новых технологий в производство, приросту квалифицированных кадров. Все это необходимо для подъема экономики и для достижения стратегических целей государства. Одной из таких целей является вхождение Казахстана в тридцатку самых развитых стран мира к 2050 году, где одним из условий является повышение инвестиционной привлекательности [1].

Это непосредственно предполагает обоснованную и продуманную экономическую политику по привлечению иностранных инвестиций в сферу промышленности. Учитывая тот факт, что мы живем в эпоху стремительного развития технологических инноваций, важно стимулировать развитие промышленности в данном направлении. Как отмечает Глава Государства в своем ежегодном Послании народу Казахстана от 10 января 2018 года: “Индустриализация должна стать флагманом внедрения новых технологий” [2].

Наибольшую привлекательность приобретают так называемые прямые иностранные инвестиции (ПИИ). В любой высокоразвитой стране ПИИ играют существенную роль, но наибольшее значение оно имеет для развивающихся стран, с переходной экономикой, таких как Казахстан. Отставание технологий и научно-технического развития от наиболее развитых стран, недостаточный объем внутренних финансовых источников инвестиций определяют необходимость привлечения крупных иностранных инвестиционных потоков.

Общая сумма совокупного притока прямых иностранных инвестиций в 2016 году составила 20,6 млрд.долл.США, что на 40% выше показателя в 2015 году (Рисунок 1). Этот фактор резкого подъема, можно обосновать влиянием мирового финансового кризиса в 2015